

Ж.А.Кенжебекова

Гражданская позиция и культурное наследие Мади Бапиулы

В статье рассмотрен образ сал-сери в художественном произведении. Охарактеризована национальная природа личности, известной в истории казахского общества, сал-сери Мади Бапиулы. Автором статьи показано богатое духовное наследие казахов, не похожее на других, и национальные черты характера, проявляющиеся в традициях сал-сери.

Zh.A.Kenzhebekova

Civic stand and Madi Bapiuly's cultural heritage

In article images sal-seri in a work of art are considered. The national nature of the personality known in the history of the Kazakh society, sal-seri Madi Bapiula is characterized. The author of article proves that the Kazakh people have the rich spiritual heritage not similar to others and that especially brightly national traits of character are shown in traditions sal-seri.

References

- 1 Taishybai Z. *Zhuldyz*, 2006, 4.
- 2 Abishev A. *Five-volume composition, 5 vol., Lightning: Novel. Wounded falcon: Story*, Almaty: Zhazushi, 1983, 476 p.
- 3 Dulatov M. *Kazakh*, 1913, 9.
- 4 Baltashuly E. *Central Kazakhstan*, 2005, 9, July.
- 5 Zharylgapov Zh. *XX century's Kazak prosaic idea-aesthetics' problems. Education means*, Karaganda: KSU publ., 2003, 163 p.
- 6 Omarbekuly M. *Central Kazakhstan*, 2005, 2, July.
- 7 Moldabekov M. *Akikat*, 1993, 3, p. 22.

ӘОЖ 82.0

Н.М.Әбдуова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: princes_naz@mail.ru)

Өлең-шежіренің өзекті қырлары

Мақалада өлеңмен шығарылған шежірелік шығармалардың мәні мен маңызы, әдебиеттегі алатын орны жан-жақты айқындалған. Шежіренің фольклорлық сипатта дәлелді түрде көрсетіліп, мазмұнына қарай жүйелеудің жолдары анықталған. Сонымен қатар шет елдердегі қазақ ақындарының мұраларындағы шежіре шығармаларға әдеби талдау жасалған. Танымал ақындардың бірі Ақыт қажы Үлімжіұлының шығармаларына талдау жасалынып, шежіреге байланысты туындыларына айрықша мән берілген.

Кілт сөздер: шежіре, ру, фольклор, ұлттық болмыс, әдебиет, ұрпақ, тарих, мәдениет.

Сан ғасырлы тарих қойнауынан өңдеуге түссе де өзегін үзбей жалғастылығын тауып келе жатқан асыл қазыналарымыздың бірі шежіре екендігі белгілі. Мәдениеттің, әдебиеттің, тарихтың дамуына, өсіп-өркендеуіне шежіренің де қосқан өзіндік үлесінің бар екендігін мойындамасқа болмайды. Өркениетті ел болу үшін өзінді өзің тануың керек, басқаларға да таныта білгенің дұрыс. Осы салада жұмыс жүргізген адамға шежіренің жан-жақты демеуші болары сөзсіз. Деректі деректе шалдығып, тарих қойнауының көлеңкесінде қалған көмескі көріністерге көз жеткізу үшін шежіренің

шымылдығын ашқан жөн. Ғалым А.Сейдімбековтың: «Шежірешілдік көшпелі қоғамдағы әрбір қазақ үшін теңізшінің қолындағы компас сияқты қажеттілік болған» деп пайымдауы сондықтан. Олай болса, өткен өмірімізді толық танып білу үшін әдебиетіміз бен мәдениетімізді жан-жақты дамыта түсу үшін шежірені шұқшия зерттеудің маңызы зор болмақ.

«Шежіре» деген сөздің өзіне зер салып қарайтын болсақ, дәуірдің ұзақ жолында қалыпқа түсіп, төл тіліміздің түлегіндей қолданылып келе жатқанымен, түпкі төркіні араб сөзінен шыққандығы белгілі. «Шаджарат» деген сөздің қазақшалағандығы мағынасы *бұтақ, тармақ* болады. Оның біздің тілімізге қай кезде енгендігі жайында тап басып айтатын нақты дерек әзірге жоқ. ҚазССР-нің қысқаша энциклопедиясында шежіре туралы былай делінген: «Халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымдарының бір тармағы. Ру-тайпалардың орбуін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре мәдениетті елдердің бәрінде де кездеседі» [1; 54]. Бұл келтірілген үзіндіні шежіреге берілген анықтама деп қарауға болмайды, түсіндіру, ұқтыру деп қабылдаған жөн. Ал, нақты анықтамасын беру үшін арғысы А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамбетұлы, бергісі Ш.Ыбыраев, А.Сейдімбеков сияқты зерттеушілердің еңбектерін оқып барып, ой қорыту керек.

Қазіргі кезде шежіре жайлы зерттеу еңбектерден гөрі, жарыққа шыққан шежірелер әлдеқайда көп. Осыларды оқыған адамның шежіре сөзінің қолданылу аясының ауқымды, кең екендігін аңғарары хақ. Көпшіліктің ұғымында шежіре белгілі бір рудың немесе елдің ата-бабасын жіктеп-жіліктеп тарататын жүйелі түзілім. Әрине, бұл түсінікті жоққа шығаруға болмайды. Шежіренің негізгі өзегінің осы екендігі де рас. Бірақ күннің өзінен гөрі, сәулесінің қызуының пайдалы екендігін ескерер болсақ, шежіренің де сипатын, саласын, байланысын, мазмұнын тұтастандыра отырып зерттеген жөн болмақ.

Күнделікті өмірдегі сөйлеу тілімізде «шежіре» сөзін қолданудың үш түрлі аясы бар екендігін аңғарамыз. Біреуін жоғарыда атап өттік. Яғни ата-бабамыздың таралуын көрсететін кесте. Сондай-ақ өткен өмір өткелдерін көкейіне тоқыған, көпті көрген, көне көз қарияларды «шежіре қарт» деп те айтады. Бұл жерде «шежіре» сөзі «тарих» деген ұғыммен үндесіп тұр. Яғни, тарихымыздың жан-жақты хабары бар. Ойына мол мәліметтерді жинақтаған және оны арнасымен жеткізе білетін ақсақалдарымызды құрметтеп осылай атаған. Ауыз екі сөйлеу тіліміздегі келесі бір қолданыс «шежірешіл қария» деген тіркес. Бір қарағанда, бұл «шежіре қарт» деген ұғыммен мәндес, мағыналас секілді болып көрінеді. Ал, ой елегінен өткізіп салмақтар болсақ, соңғы тіркестің шешендер, ақындар жайында, олардың соңында қалдырған мол мұралары турасында кеңінен қозғап сыр шертетін әңгімешіл адам туралы айтылатындығын аңғаруға болады. Міне, сөйлеу тіліміздегі «шежіре» сөзінің осыншама тармақталып, тарамдалып кететініне көз жеткізгеннен кейін зерттеу жұмыстарымызда да оны жан-жақты, кең көлемде алып қарастыруға тура келеді.

Көптеген зерттеуші-ғалымдарымыз шежіре жайлы ой салатын келелі-келелі ғылыми пікірлер айтқан болатын. Айтарымыз, тұщымды да тұжырымды болу үшін біраз пікірлерді келтіре отырып, байлам жасағанымыз жөн. Ғалым А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде шежірені қара сөздің бір түрі әуезе тобына жатқыза келіп, былай дейді: «Шежіре — өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі. Шежіреде уақиғадан гөрі, өткендердің түс, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айталатын әуезе тобына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай, тек мағызды түрде айтса, екінші жерде сұйылтып ұсақ-түйекті сөз қылады. Бір жерінде рас болған оқиғаны суреттесе, екінші жерде тек жұрт аузындағы әуезе болған өтірік-шынды әңгімелерді сөйлеп кетеді» [2]. Ғалым бұл жерде осы пікірі арқылы шежіренің өзіне тән белгілерін ашып, сипатын айқындап, ажыратып беріп отыр. Ғалым-зерттеуші Х.Досмұхамедұлы: «Рулар мен жекелеген тұлғалар туралы аңыздар халық әдебиетінің шежіре» аталатын үлкен бір бөліміне кіріспе қызметін атқара алады. Әрбір қазақ өз руын, атасын 7–10 буынға дейін таратып айтып бере алады. Ақсақалдардың ішіндегі ерекше зеректері көптеген рулардың, тіптен бір жүздің немесе үш жүздің басқа да туыстас түрік жұрттарының шежіресін тарқата алады. Дәл осындай хандар шежіресі де бар. Өлеңмен жазылған, поэма түріндегі шежірелер де ұшырасады» [3], — деп нақты ғылыми тұжырым жасаған. Мұнда екі мәселеге айрықша назар аударғанымыз жөн. Алғашқысы шежірені халық әдебиетінің бір бөлімі ретінде қарауы болса, екіншісі поэзия түріндегі шежіренің де болатындығы. Сондай-ақ ғалым Ш.Ыбыраев шежірені салтқа қатыссыз фольклорлық тобына жатқызады [4]. Міне, жоғарыдағы келтірілген үзінділер мен ой-пікірлерден мынадай нақты байлам жасаймыз. Шежіре — фольклордың ертегі, аңыз, хикая тәрізді үлкен бір саласы. Ол тарихпен тығыз байланыса отырып, дамыған, өскен, өркен жайған.

Шежіренің бойынан төмендегі сипаттарды байқауға болады. Біріншіден, құрастырған, шығарған авторының ұмыт болып, халықтық мұраға айналуы. Екіншіден, бірден-бірге ауызша көшіп, ел ішіне

кеңінен тарауы. Үшіншіден, сан ғасырлар бойына көптің талқысы мен айтушылардың ой елегінен өтіп, өңдеуге, өзгеріске түсіп сұрыпталуы, сомдалуы. Төртіншіден, қай уақытта, қай кезде шыққандығын тап басып айтудың мүмкін еместігі. Бесіншіден, бір рудың шежіресінің өзінің бірнеше варианттары кезеседі. Міне, осы аталған ерекшеліктердің барлығы фольклорға тән ортақ белгілер екендігі айдан анық. Қандай саланы алып қарасақ та, өзіне тән өзегінің болатындығын білеміз. Мәселен, эпикалық туындылардың негізгі өзегін оқиға дейтін болсақ, лирикалық шығармалардың өзегі — халықтың тұрмыс-тіршілігі, көңіл-күйі. Сондай-ақ шежіренің өзегі — ата-текті тарату жүйесі. Тарих дерекке сүйенеді. Аңыз-әңгімелер, хикаяттар, әпсаналар оның кейбір тетіктерін ашуға септігін тигізгенімен, негізгі сұрақтарына толымды жауап бере алмайды. Шежіре де дәл солай. Мәселен, көптеген шежірелерде Қаркесектен (Болатқожа) Ақша, Түйте туады делінеді. Қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, Болатқожаның өмірде болғандығын дәлелдеуге болады. Ал, Ақша, Түйтені балалары ма, әлде бірнеше атадан кейін келіп шыққан ұрпағы ма, кесіп айту мүмкін емес. Шежіренің осындай сипаттары біздің жоғарыдағы айтып кеткен пікірімізді айғақтай түсері хақ.

Ғалым А.Сейдімбеков: «Шежірешілік — құрғақ хронология немесе адам аттарының жалаң тізімі емес» [1; 45], — деп атап көрсеткен болатын. Өте орынды айтылған пікір. Егер шежіренің астарын ашар болсақ, тарау-тарау ғажайып өрнектерді көреміз. Тарихи мәліметтер, ата-бабамыз жайлы аңыздар, шебер тілді әңгімелер ата-тек кестесімен, өрілген бұрымдай тұтастанып үйлесім тапқан. Шежіренің осындай мазмұнын байытатын, өз алдына жеке бір дүние етіп көрсететін тұстарын елемей, ата-тегімізді тарататын жүйе ретінде ғана алып зерттейтін болсақ, оның сыры мен сипатын, тамаша табиғатын ашу мүмкіндігінен мақұрым қалған болар едік.

Осындай шежірелік халық ауыз әдебиетінен де байқауға болады. Эпикалық туындылардың ішінде ерекше орын алатын саланың бірі — қаһармандық эпос. Барша халыққа танымал «Алпамыс батыр» жырының алғашқы өлең жолдарына назар салып көрелік:

*Бұрынғы өткен заманда,
Дін-мұсылман аманда,
Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде
Байбөрі деген бай болыпты [5; 86].*

Жырдағы Қоңырат — рудың аты. Байбөрі деген байдың осы рудан екендігі баяндалып тұр. Соның нәтижесінде келтірілген үзіндіде шежірелік сипаттың жатқандығын аңғара аламыз. Көзімізді нақтырақ жеткізу үшін «Арқалық батыр» дастанына үңілесек:

*Ел еді егіз жатқан Керей, Найман,
Шығады сөз болмаса мизан қайдан.
Қазақтың хан билеген заманында,
Болыпты қазақ, қалмақ барымта алған [5; 283].*

Немесе

*Арқалық жастан шыққан бағалы ерім,
Бәйімтей деген мен бір ағаң едім.
Нәліқара, Ботақара, Төлеңгіттен,
Хабарды жетсін деген ала келдім [5; 286].*

Дастанның алғашқы бастауларында осындай түйдек-түйдек тіркестер арқылы, ру атауларын қолдана отырып, батырдың шыққан тегін тыңдаушы қауымға жеткізіп отырған. Олай болса, ғалымның біз келтіріп отырған жоғарыдағы пікірінің дұрыстығын, шежірелік мәліметтердің кіріспеді айрықша қолданылғандығын және оның халық ауыз әдебиетінен жалғасып келе жатқан дәстүрлі құбылыс екендігін мойындауға да мақұлдауға да тура келеді.

Ғалымның пікіріндегі екінші бір назарда ұстанатын мәселе өлең түріндегі шежіренің болатындығы туралы айтқаны. Яғни өз заманындағы көпшіліктің талап-тілегіне сай шығармаларын туғызған ақын-жыраулар, ел ішіне аңыз болып тараған шежірені назардан тыс қалдырмаған, бір атаның немесе бір рудың бұтақ-тармақтарын басшылыққа ала отырып, шежіре-толғауын туғызған. Олардың бір тобының талай өнерпаздардың тіл өнеге мен ой елегінің екшеуінен өту барысында өңдеуге түсіп, бастапқы шығарушыларының ұмыт болуы да фольклорға тән құбылыс екендігі белгілі. Ендеше, халық ауыз әдебиетінде өлең түріндегі шежіренің бар екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Танымал ғалым, зерттеуші Ш.Ыбыраев шежірені салтқа қатыссыз фольклордың тобына жатқызады [6]. Әрине, нақты дәлелдер келтіріле отырып, айтылған мұндай тұжырымның ұлттық шежіренің мазмұндық сипатына ғылыми тұрғыда назар салсақ жөн екендігін анық аңғарамыз.

Шежіренің тарихпен тұтастықта таралатындығы рас. Өйткені ондағы кісі аттары, ру атауларының бір бөлігі өмірде болған тұлғалардың негізінде қалыптасқан. Десек те, шежіренің таралуы, аңыз желісін бойына сіңіруі, өлең түрінде де айтылуы, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалуы, фольклорға тән дәстүрлерді жинақтауы халық ауыз әдебиетінің бір тармағы ретінде қарастыруға негіз болатындығын көрсетеді.

Егер шежірешілдікті қазақтың ұлттық болмысының бір қыры деп танысақ, ел әдебиетінің мұраларындағы шежірелік иірімдерді бүгінгі көркем туындыларға дейін қолданылып келе жатқандықтан, фольклорлық дәстүр деп қарастыруға да болады. Қазақ шежіресі жайлы салиқалы, ғылыми пайымдаулар айтқан ғалым А.Сейдімбек былай дейді: «Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылдығын ұлттық қасиет деуге болады. Бұл, әрине, ерекше артық жаралғандықтан немесе артта қалған жабайылықтан емес. Қазақ халқының шежірешілдігін тарихи санасының сергектігі, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар алдында көшпелі өмір салтта болуымен сабақтастырған жөн. Ал, салт атты көшпелілер өркениетінің (цивилизациясының) Еуразия ойкуменінде үш мың жылдық тарихы бар. Біздің заманымызға дейінгі XI ғасырдан бастап, біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін еуразиялық далада бір ғана өндіріс тәсілі болады. Ол — көшпелі мал бағушылық еді» [1; 59]. Бұл жерде бізге қасиетті назарға алатын бір мәмле, көшпенділер үшін шежіренің ағайындықты танып-білуі үшін өте қажеттілік болғандығы. Соның нәтижесінде өзегін жоғалтпай өміршендік танытып, ғасырлар бойына жалғасып отырғандығын байқаймыз. Мұндай маңызды дүниенің халықтың рухани байлығы болып табылатын поэзия әлеміне еніп, тұтас жүйенің бөлінбестей бөлшегіне айнауы қалыпты жайт. Оның үстіне шежіренің поэзия түріндегі нұсқасы туындап жатса, бұл өлеңді сөздің атасы деп түсінген қазақ халқы үшін жат қылық емес еді.

Шежіренің белгілі бір деңгейде туыстық байланысты айқындайтын құрал ретінде ата-бабаларымыздың қолданып келгендігін жасыра алмаймыз. Ал, осының астарында бірліктің тұтастық негізі жатқандығы мәлім. Қазақ шежіресі жайлы ой-толғам жазған З.Сейдімбековтің еңбегінде мынадай пікір бар: «Бұрынғы қазақ жастарында жүректі дүр сілкіндіретін өткінші махабаттық сезімнен мызғымас бауырмалдық сезім басым болған. Бір атаның емес, бір рудың кәметке жеткен ұлы мен қызы өздерін бір әке, бір шешеден туғандай сезінген. Оларға салт етпе махабаттық сезім бауырмалдық сезімдегі ар-ұяттың алдында мүлдем басылып қалған, әрине, көп ішінде жеңіл сезімге берілгіш жеңілтектер де жоқ емес еді. Негізінде, «Малым — жанымның садағасы, жаным — адамның садағасы» деген халқымыз ар-намысты барлық сезімнен жоғары қойған. Оған да рулық дәстүрдегі тәрбие ерекше үлес қосқан» [7; 5]. Мұнда жазушының махабат пен туысқандықты салыстыра қарауы, шынайы сүйіспеншілікті өз тарапынан басқаша бағамдауы тиімді қолданыс емес. Бірақ алыс ағайынның өзін бір туғандай сезімге бөлеудегі шежіренің атқаратын қызметінің айрықша болатындығын жақсы байқаған. Олай болса, мұндай жалпы көшпенділерге пайдалы қолданымның, рухани байлықтың барлық саласынан бой көрсетуі, көпшіліктің талап-тілегіне сай туындаған қажетті құбылыс деп бағалағанымыз жөн.

Сонымен біз көркем туындыларға шежірелік қолданыстарды фольклорлық дәстүр тұрғысынан қарастыруға болады деген өз ұсынысымызды ортаға салғымыз келеді. Ал, көркем туындылардың қомақты бөлігін халық ақындарының шығармалары құрайтындығы баршаға белгілі. Бұл орайда XIX ғасырдағы Сүйінбайды, Майлықожаны, шежіре-толғау туғызған Шөжені, Орынбай мен Кемпірбайды, XX ғасырдың алғашқы жартысында ақындық құрған Шашубай, Доскей, Иса, Кенендерді атап айтуға болады.

*Атамыз Адам пайғамбар,
Топырақтан жаралды.
Үшбу жонның баршысы,
Сол Адамнан таралды [8; 18], —*

деп жырлаған Шортанбайдың бұл толғауының сюжеттік негізі діни аңыздың желісінен алынғанымен, мазмұндық сипатынан шежірелік көріністі аңғаруға болады. Дәл осы тектес қолданыс Базар жырауда да кезігеді:

*Он сегіз мың ғаламнан,
Біз бір пенде Адамнан.
Неше дүркін ел өтті,
Сонан бергі заманнан [9].*

Әрине, бұл келтірілген үзінділерде шежірелік белгілер байқалғанымен, нақты, толыққанды көріністер жоқ. Ал, мұндай нақты көріністерді халық ақындары туғызған дастандар мен тарихи жырлардан анық аңғаруға болады.

Қазақтың халық ақындарының бір тобы Монғолиядағы Баян-Өлгий аймағында өмір сүргендігі кейінгі ғылыми зерттеу еңбектерінде, шығармалары жан-жақты талдана отырып айтылып жүр. Осы жолда еңбек сіңіріп жүрген әдебиетші-ғалымдардың арасында Шынай Рахметұлы, Қабидаш Қалиасқарұлы, Қаржаубай Сартқожаұлы, Саян Қожыбайұлы, Базылхан Бұқатұлы, Хұрметхан Мұхамәдиұлы тәрізді көрнекті тұлғалар бар. Ал, аталған аймақтағы халық ақындарының қатарына Қабанұлы Тауданбек, Бөжекұлы Төлебай, Отарбай, Қожекеұлы Мешел, Үлімжіұлы Ақыт қажы, Бабиұлы Ақтан, Алақанұлы Ақып және тағы басқаларын жатқыза аламыз. Аталған ақындардың артына қалдырған мұраларын жанрлық тұрғыдан топтастырсақ толғаулары, арнаулары, айтыстары, дастандары деп, ал тақырыптық жағына назар салсақ, адамгершілік, ерлік, туған жер, махаббат, оқу-білім т.б. деп топтастыруға болады. Қалай десек те, өнерпаздардың өз заманындағы халықтық мұқтажын жырлап өткендігін аңғарамыз.

Баян-Өлгий өлкесінен шыққан көрнекті халық ақыны, өзінен соңғы көптеген өнер иелеріне ұстаз болған өлеңі өрнекті, тілі шұрайлы Ақыт қажы Үлімжіұлы. Өмір жолына шолу жасай кетсек, ақын 1868 жылы Алтай аймағының Қайырты деген жерінде дүниеге келген. Бала кезінде Бұхардан келген молладан сабақ алып, діни сауатын ашады. Ақыттың өз сөзіне сүйенер болсақ, молланың есімі — Махбубулла.

*Ержетіп да молладан алдым сабақ,
Есімі дүр Махбубулла асыл талап.
Бұхардың ақсүйегі дәл өзінен,
Шығады дені сайын ғылым тарап [10; 7].*

Ақын сауатты бола тұрса да, ертеден келе жатқан суырыпсалмалық дәстүрді берік ұстанған. Қырықтан астам арнаулары мен толғаулары, бірнеше қисса-дастандары бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен. Біз Ақыттың шығармаларының жариялануына байланысты мынадай деректі келтіре кеткенді орынды санадық: «Артына өшпес із — сара жол, мол мұра — асыл сөз қалдырған халқымыздың ақыл ғой ақын данасы Ақыт қажы Үлімжіұлы Қарымсақтегінің жыр қазынасы ұшан-теңіз. Ақыт қазақтан алғашқы болып 1897 жылы Қазан қаласында «Жиһанша» қиссасын бастырған екен. Іле-шала «Хиямет ахуал» қатарлы бірнеше шығармасы Қазанда тасқа басылыпты. Дінімізге бұғау салынған жылдарда Ақыт шығармалары көп уақыт жарық көрмей, бергінде бірер шығармасы Монғолияда, Қазақстанда, Шыңжаңда кітап, журнал, газеттерде анда-санда жалт етіп көрініп келе жатқан еді. Доктор Қабидаш Қалиасқарұлы жинақтап бастырған «Халық ақындары» (1972), «Замана жыршылары» (1989) кітаптарына бірқатар еңбектері енген. Баян өлкеде Жаңжүңұлы ақын Керей 1991 жылы «Хажыбаян» кітабын Ақыттың жеке кітабы ретінде шығарды. Онда «Хажыбаян», «Жеті хажы», «Қобда кенес», «44 назым» шығармалары бар. Онан соң 1993 жылы «Ахиретбаянын» да бастырды» [10; 3]. Бірте-бірте ақындығымен елге танылған Ақыт, отыз тоғыз жасында Мекеге барып қажы атанды.

*Иләһи, саған жылап қалам алдым,
Тәуекел бар ісімді саған салдым.
Жарандар, атым — Ақыт, молла тайф,
Жасымда отыз тоғыз Мекке бардым [10; 10].*

Ел ішінде ақындық құра жүріп, әр түрлі дау-дамайларды әділдікпен шешуге де араласып отырады. Мұндай жағдайда көпшілігінде ислам дініндегі заңдылықтарға сүйенген. Ақын 1940 жылы зорлық пен зомбылықтың тегеурініне төзе алмай 72 жасында абақтыда қайтыс болады.

Ақыт қажының шығармалары тақырыптық жағынан сан алуан. Туындыларының қай-қайсысын болмасын сол заманының маңызды мәселелерін толғаған, мазмұнынан терең ойшылдығын аңғарсақ, сөз қолданыстарынан тіл шеберлігін, көркем сөздің көсемі болғандығын байқаймыз. Ақын мұраларының ішінде айрықша көзге түсетін толғауларының бірі — «Болғанда Керей — Керей» және «Абақ Керей шежіресі». Ерекшелігі — бұл туындылар өлең түрінде шығарылған шежіре. Енді осы шығармаларға жеке-жеке тоқталып көрелік.

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов өзінің шығармашылық жолын бастағанда Шығыс Түркістан өлкесі Манжүр-қытай империясының билеуінде болатын. Сондықтан ақын өлеңді әлеуметтік ой құралы ете отырып, қалың қауым халқының қамын жырлады. Алдымен заман дәуір келбеті, ұлт-халық тағдыры оның ойын онға бөлді. Басқаның басқаруына кіріптар болған елінің ертеңі не болмақ, күрмеуі көп

түйіндерді қалай шешуге болады? Ақыт он сегіз жасында жазған алғашқы өлеңдерінің бірін «Замананы сөйлейін» (1886) деп атауының өзі тегін емес. Өлең өрімі — отаршылдыққа қарсылық.

*Береке кетті асыңнан,
Билік кетті басыңнан.
Жылағанмен не пайда
Көзден аққан жасыңнан.
Алманға малың бересің
Зорлыққа шыдап көнесің.
Тай көкірек бозбала
Шерлі болып өлесің [10; 24].*

Немесе

*Батысты қоршап орыс тұр,
Сыртымда қалқа — тор басы.
Ғарып Ақыт мекені —
Өр Алтайдың өр басы.
Айналаң тегіс қоршалды,
Заманың калай, қазағым
Жығыла ма осымен
Алаптың тіккен ордасы? [10; 25].*

Бұл жолдар бодандық бұғауына ілінген халықтың кайғы-зарындай естіледі. Ақынды «билігі кеткен басынан» елдің мүшкіл халы ойлантады. Еркіндігі жоқ, еңсесі төмен жұртының болашағына аландайды. Шынымен-ақ, «Алаштың тіккен ордасы жығыла ма?». Ақын әлде бір сәуле-саңлауды іздейді. Қайткенде елдікті сақтауға болады. Алма-кезек ауысқан екі ұдай сезім. «Қай қонысқа барайық, боламыз қандай халайық?». Қайда барса — Қорқыттың көрі. Қай қоныс-мекеннен тұрлау-тиянақ таппақ?

*Орыс, шүриіт тіресіп,
Біріне-бірі сіресіп,
Ақыры қандай болады.
Кетерсің кімге ілесіп? [10; 42].*

Тұйықтан шығудың жолын таппай шарасыздық танытады. Тәуелсіз ел болмай, басқаға бағынышты болу қазақ халқының қасіреті деп біледі. Бұрынғыдай еркіндік жоқ. Заман да, занда өзгерген. Өйткені бұл тұста отаршылдық озбырлық қапысын тауып, қанатын кең жая түскен шағы болатын. Қазақ халқы басқаның жеміне айналып, жетегінде кетті. Ақыт тар заманның тауқыметін тартқан халқының халіне қамығады. «Тозғақ толғағында»:

*Не тұрып қолға ту алмай,
Жауыздық жолын буа алмай,
Кең мекенге сия алмай
Тозуға жетті амалым [10; 43], —*

деп торығады. «Өр көңілі жасиды, көкірегі ашиды». Осыған қарамастан, ақын ойын бүкпей айтып, қарға тамырлы қазағын қамти сөйлейді. Сонда не істеу керек? Ең алдымен, «досың менен қасыңды айыра біл». Сонан соң ел болып қалудың қамын ойла дейді.

*Онсызда қазақ елінің
Келеді соры арылмай.
Қашан да опық жерің сол
Дос пен жауды айырмай [10; 49].*

Бодандық заманның осындай әлеуметтік кейіп-қалпының сыр-сипатын ашу Ақыт шығармаларының басты сарындарының бірі болған. Ақынның «замананы сөйлейін», «Кайғымды қазып тербеттім», «Тайтекеңнің үйінде», «Күңіреніп тұрған жер Алтай», «Замана келді қырланып», «Зар заман», «Асан ата деп еді», «Заман қалай десеңіз», «Тозғақ толғағынан», тағы басқа өлең-толғауларында заман зары айтылып, отаршылдыққа қарсы наразылық өзекті желі болып тартылады.

«Болғанда Керей-Керей» туындысының мазмұндық сипатына көңіл айдарсақ, мұнда Керей руының үрім-бұтағы тармақтала тарқатылмайды. Сондықтан, бір қарағанда, шежіреге қатысы жоқ туынды тәрізді көрінеуі де мүмкін. Бірақ байыптап зер салар болсақ, Керейден шыққан көрнекті тұлғалардың өз заманында қандай адам болғандығын суреттеу арқылы, осы рудың игі жақсыларының

шежіресін жасаған. Және осының өзінде ұрпақты тарататын шежіредегі сабақтастықты орындарын ауыстырмай сақтап отырған. Мәселен, мына жолдарға назар салып көрелік:

*Дүниеден Уақ та өткен, Керей де өткен,
Бай мен жас, керей менен кедей де өткен.
Дүниеден еш нәрсеге мұқтаж болмай,
Тойұлы Доғалбай мен Бөжей де өткен* [10; 22].

Ақынның айтуы бойынша, Доғалбай мен Бөжей Керей руынан шыққан керемет дәулетті байлар. Міне, осындай тәсілмен батырларды да, билер мен шешендерді де, ел басқарған адамдарды да іс-әрекеттеріне баға бере отырып, жырға қосқан. Дегенмен, ақын елдің тұлғаларын сипаттау барысында, заманның ағымынан да хабар беріп отыратындығын көреміз. Мәселен, Жәнібектің батыр, елге қорған ер болғандығын айта келіп, көзі кеткеннен кейінгі соңының соқпақсыз даладағы бет-бетімен кеткен керуендей қалжыраған кейпін әдемі бейнелейді.

*Жәнібек заманында болды батыр,
Көрсетті дұшпанына замана қыр.
Қайран ер дүниеден кеткен соң,
Арт жағы быт-шыт болып бара жатыр* [10; 22].

Тағы бір назар аударатын мәселе, Ақыт қажы өзінің бұл өлеңінде Керей руының бетке ұстар біртуар азаматтарын ғана жырлап қоймайды, елді ығыр қылған, аты шулы лақшыл адамдардың да бет бейнесін ашқан.

*Баласы Топанбидің Сарыбайпақ,
Бітірді төңірегін бәрін жайпап,
Қалыпсыз сұм нәпсіге еремін деп,
Айрылды аз елінен мүйіз шақап* [10; 22].

Осындайда «Мұндағы ақынның мақсаты қандай?» деген сұрақтың ойға оралуы әдбен мүмкін. Өйткені әдетте өнерпаздардың қай-қайсы болмасын, елі мен жері туралы толғау туғызғанда озық қорларын көрсету арқылы, мақтаным сезімін оятатын дүниені өбірге әкеледі. Ал, біздің ойымызша, Ақтанның ел шежіресіндегі келеңсіз көріністі көрсетуі, тілге тиек етуі кейінгі ұрпаққа сабақ болсын деп, ескерту ретінде ұсынған өзінің пайдымдауы тәрізді. Бұл жерде ақынның жай ғана өнер иесі емес, әрі ұстаз, тәлімгер болғандығын да аңғарамыз. Өлеңнің осындай түрлерін көпшілігінде біз айтыс саласында, әсіресе ақындар айтысынан көреміз. Себебі қарсыласына өз елінің тұлғалы адамдарын таныстыру мақсатында, игі жақсыларды салыстыра салмақтау үшін міндетті түрде бір немесе бірнеше қайырма айтылады. Әріге бармай-ақ, баршамызға белгілі «Біржан — Сара» айтысындағы Біржанның сөзіне назар салып көрелік:

*Қаржаста бір құтым бар Мұса Шорман,
Үзілмей келе жатыр ескі қордан.
Қазының бел баласы Сағид Оқас,
Құтқарған сан қыранды түскен тордан* [9; 54].

Немесе

*Орта жүз Абай қойды атын батпай,
Үйіне ояз кірмес жауап қайтпай* [9; 55].

Біржан сал осы бір ғана қайырымның өзінде-ақ жиырма екі тұлғаның есімі мен ісін тіліне тиек етіп, таныстырады. Әрине, бұл айтыстағы көрініс. Ал, Ақыт қажыныңкі айтыс емес, толғау. Мазмұндық сипаты игі жақсыларды өлеңге арқау ету арқылы Керей елімен тындаушыны таныстыру. Ел ішіне еркін тараған шежірені айтудағы мақсаттың бірі — танысу, білісу. Олай болса, таныстырудың өзі шежіренің бір қыры болып табылады екен. Сондықтан біз Ақыттың бұл туындысын өлең-шежіре саласына жатқызып қарастыруға болады деген ұсынысымызды ортаға салғанды жөн көрдік.

Ақыт қажының шежірелік сипатта шығарған келесі туындысы «Абақ Керей шежіресі» деп аталады. Шығарманың атында тұрғандай-ақ, бұл толғауды аңыздың желісінде шығарылған өлең-шежіре деп атауға болады. Қай рудың шежіресін алып қарасақ та, ру атауларына байланысты немесе тұлғалы адамдарға қатысты аңыздардың көптеп кезігетіндігі белгілі. Мысал ретінде Дайырқожаның Ақжол сопы, Болатқожаны Қаракесек аталуына байланысты аңыздарды атап айтуға болады. Осындай аңыздардың бірінің желісіне құралған бұл толғауда он екі Абақтың шығу тегі туралы баяндалды. Ерте заманда өмір сүрген Уақ, Керей деген екі ағайынды жігіттің кішісі Керей Үйсіннен Абақ атты қызды айттырып, үйленеді. Көп ұзамай ұлды болады да, әмеңгерлік салты бойынша Уақ келініне сөз

салады. Келісімін бермеген Абақ келін төркін жұртына көшіп кетеді де, сол жақта тұрмысқа шығып, ұлды болады. Атын Қарақожа деп қойған ұлдан Майқы, онан Жанас өмірге келіп, осы Жаңастан он екі атын Абақтың тарайтындығы айтылып аяқталады. Толғаудың оқиғасы қызықты, мазмұны тартымды, көркемдігі келісті. Көнеден келе жатқан дәстүрдің де көрінісі бар:

*Атадан Ашамайлы қалыпты жас,
Керейге ат шаптырып беріпті ас.
Абаққа қайнағасы кісі салды,
Алам деп, пайғамбардан қалған мирас* [10; 135].

Ренжіскен ағайынның ірге көтеріп, алшаққа кететіндігі де тамаша тәсілмен бейнеленген:

*Батырдың көңілі қалды келінінен,
Жиылса да тимеді еліменен.
Дұрдараз болып жүрді ауылы алшақ,
Кетпес деп жақын жүрсе көңілімнен* [10; 135].

Әрине, туындының қай қырынан алып қараса да толымды дүние екендігін аңғаруға болады. Ал, мұндағы шежірелік қолданыстардың түбірін табу үшін кейбір дереккөздермен саластырғанды жөн көрдік. З.Сәдібековтің «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде былай дейді: «Ашамайлы Керейден Қара бидің қызын Үйсін Абақ батыр (Майқы бидің немересі) алып, Керей жерлерінде тұрып қалады. Одан өрбіген ұрпақ Абақ керей атанып кетеді. Олар негізінен Қытай, Монғол жерінде. Абақ керейдің ұраны — Жәнібек» [11]. Егер осы дерекке сүйенер болсақ, ол өлең-шежіредегі аңыздың оқиға желісіне қарсы келеді. Өйткені Ақыттың туындысында Абақ — бәйбіше.

*Сұрасаң, бәйбішесі Абақ екен,
Жылқы тегін өсірген жабағы екен.
Керей мырза неке оқып алғаннан соң,
Бір ұлды жүкті болып табады екен* [10; 134].

Ал, ғалым А.Сейдімбек: «Керей — Ашамайлы (Балта, Қарақас, Сыбан, Сымайыл, Бағылан — Сармат — Көшебе) — Абақ — Жантекей, Жәдік, Қарақас, Шұбарайғыр, Ителі, Шимойын, Меркіт, Молқы, Көнсадақ, Жастабан, Шеруші, Сарыбас» дей келіп, «тарихи деректерде Көшебенің бәйбішесі Абақ екені жазылған («Көшубаева жена князина Абакай...» — «Материалы по истории русско-монгольских отношений 1636–1654 гг.», М., 1974)», — деп жазады [8; 87]. Яғни, Абақ деген әйел адамның аты екендігі байқалып тұр. Олай болса, өлең-шежіредегі оқиға желісінің түп-тамырында тарихи деректің белгілі бір деңгейде сақталғандығын аңғаруға болады. Сонымен, біздің бұл туындыға байланысты айтарымыз толғау шежіредегі кездесіп отыратын аңыздың желісіне орай шығарылған өлең түріндегі шежіренің бір нұсқасы.

Соңғы сөзімізді жинақтай келе айтарымыз, көрнекті ғалымдардың ой-пікірлері бойынша, шежіре ел әдебиетінің бір тармағы болса, халық ақындарының мұраларындағы шежіренің қолданылуын дәстүрлі көрініс деп, ал туындыларды өлең-шежіре деп атауға болатындығын, және өлең-шежіренің Ақыт ақынның шығармашылығында екі сипаттағы нұсқалардың кездесетіндігін аңғарттық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сейдімбеков А.* Балталы, Бағаналы ел аман бол. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1993. — 63 б.
- 2 *Байтұрсынов А.* Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 257-б.
- 3 *Досмұхаммедұлы Х.* Аламан. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 14-б.
- 4 *Бібыраев Ш.* Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең // «Әлем» альманахы. — Алматы: Жалын, 1991. — 108-б.
- 5 Қазақ эпосы. — Алматы: ҚБМКӘБ, 1953. — 675 б.
- 6 *Бібыраев Ш.* Қазақ эпосы: Салыстырмалы және жүйелі зерттеулердің мәселелері. — Алматы: ҚазМУ баспасы, 1987. — 107-б.
- 7 *Базар жырау.* Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1986. — 143-б.
- 8 *Шортанбай.* Шығармалары. — Алматы: Жалын, 1998. — 97 б.
- 9 *Ақын Сара.* Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1985. — 144 б.
- 10 *Үлімжіұлы А.* Шығармалары. — Баян-Өлгий, 1994. — 274 б.
- 11 *Сәдібеков З.* Қазақ шежіресі. — Ташкент: Өзбекстан, 1994. — 100-б.

Н.М.Абдуова

Актуальные проблемы стихотворных произведений шежире

В статье подробно отражены смысл и значение стихотворных произведений, раскрывающих родословные узы казахского народа и их роль в литературе. Автор на основе фольклорного характера данных произведений определила способы их систематизации по содержанию. В том числе был сделан литературный анализ наследия казахских поэтов зарубежных стран по данной теме. Особое значение уделено произведениям одного из известных поэтов хаджи Акыт Улимжиулы.

N.M.Abduova

Actual problems of poetic works shezhyre

The article reflects in detail the meaning and poetic works that reveal the genealogical ties of the Kazakh people, and their role in literature. Moreover, based on the folkloric nature of these works, ways to systematize by content were determined. Including literary analysis of heritage of Kazakh poets of foreign countries was made on this topic. Particular importance is attached to one of the works of famous poets Haji Akyt Ulimzhiuly that describe genealogical ties of Kazakhs.

References

- 1 Seidimbekov A. *Baltaly, Baganaly el aman bol*, Almaty: KazMU publ., 1993, 63 p.
- 2 Baitursunov A. *Ak zhol*, Almaty: Zhalyn, 1991, p. 257.
- 3 Dosmukhammeduly Kh. *Alaman*, Almaty: Ana tili, 1991, p. 14.
- 4 Ybyraev Sh. *Kazakh folkloristikasy: keshe, bugin, erten // «Alem» almanahy*, Almaty: Zhalyn, 1991, p. 108.
- 5 *Kazakh eposy*, Almaty: KhBMKAB, 1953, 675 p.
- 6 Ybyraev Sh. *Kazakh eposy: Salystymaly zhane zhuiely zertteulerdin maseleleri*, Almaty: KazMU publ., 1987, 107 p.
- 7 Shortanbai. *Shygarmalary*, Almaty: Zhalyn, 1998, 97 p.
- 8 Bazar zhyrau. *Shygarmalary*, Almaty: Zhazushy, 1986, p. 143.
- 9 Ulimzhiuly A. *Shygarmalary*, Baian-Olgii, 1994, 274 p.
- 10 Akyn Sara. *Shygarmalary*, Almaty: Zhazushy, 1985, 44 p.
- 11 Sadibekov Z. *Kazakh shezhiresi*, Tashkent: Uzbekistan, 1994, p. 100.